

Қазақстан Республикасының аумағында аңшылық құқын беру тәртібі жөніндегі ережені бекіту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің ҚАУЛЫСЫ 1995 жылғы 25 қыркүйек N 1282. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2005 жылғы 9 ақпандағы N 124 қаулысымен

"Жануарлар дүниесін қорғау, ұдайы өсіру және пайдалану туралы" Қазақстан Республикасының Заңын күшіне енгізу тәртібі туралы" Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің 1993 жылғы 21 қыркүйектегі N 2463 қаулысына сәйкес Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасының аумағында аңшылық құқын беру тәртібі жөніндегі қоса беріліп отырған Ереже бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасының Экология және биоресурстар министрлігі және Әділет министрлігі бір ай мерзімде Үкіметтің бұрын қабылданған шешімдерін осы қаулымен сәйкес келтіру жөнінде Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинетіне ұсыныс енгізсін.

Қазақстан Республикасының

Премьер-министрі

Қазақстан Республикасы

Министрлер Кабинетінің

1995 жылғы 25 қыркүйектегі

N 1282 қаулысымен

Бекітілген

**Қазақстан Республикасының аумағында аңшылық
құқын беру тәртібі жөніндегі**

ЕРЕЖЕ

I. Жалпы ережелер

1. "Жануарлар дүниесін қорғау, ұдайы өсіру және пайдалану туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 40-бабына сәйкес Қазақстан Республикасында аңшылық құқын аңшылық минимумы жөніндегі сынақты тапсырған және мемлекеттік баж төлеген Қазақстан Республикасының барлық азаматтары және оның аумағында тұратын немесе оған келген басқа да адамдар пайдаланады. Жануарлар дүниесін қорғау, ұдайы өсіру және пайдалану саласына мемлекеттік бақылау жөніндегі органдар беретін аңшылық билеті аң аулауға құқық беретін куәлік болып табылады.

2. Аңшылық билеті Қазақстанның бүкіл аумағында кәсіпшілік, әуесқойлық және спорттық аңшылықты жүзеге асыруға құқық беретін құжат болып табылады (үлгі қоса беріліп отыр).

Аңшылық билеттері қатаң есептегі құжат болып табылады.

3. Аңшылық билеттерін беру барысында жануарлар дүниесін қорғау, ұдайы өсіру және пайдалану саласына мемлекеттік бақылау жөніндегі тиісті органдарда сақталатын есеп карточкасы толтырылады (үлгісі қоса беріліп отыр).

II. Аңшылық билеттерін беру тәртібі

4. Аңшылық билеттері аңшылық минимум жөніндегі сынақты тапсырған және мемлекеттік баж төлеген Қазақстан Республикасының барлық азаматтарына және оның аумағында тұратын немесе оған келген басқа да адамдарға беріледі.

5. Аңшылық билет күшінің мерзімі бір жыл: 1 қаңтардан 31 желтоқсанға дейін. Оның мерзімі алдағы жыл үшін ағымдағы жылдың 31 желтоқсанына дейін мемлекеттік баж төлеу жолымен ұзартылады.

6. Аңшылық билетінде аңшылық минимумды тапсырғаны және мемлекеттік баж төлегені жөніндегі белгі қойылады.

7. Аңшылық билетінсіз немесе мерзімі өткен аңшылық билетімен аңшылық жасау заңсыз деп танылады және кінәлі адамдар белгіленген заңдармен жауапкершілікке тартылады.

8. Аңшылық билетін басқа адамға беруге тыйым салынады.

III. Есеп және есеп беру тәртібі

9. Аңшылық билеттерінің бланктері жануарлар дүниесін қорғау жөніндегі облыстық мемлекеттік инспекцияларда есепке алынады және аңшылық билеттерін беруге жауапты адамдарға есептеп беруі үшін беріледі.

10. Жауапты адамдар аңшылық билеттер бланктерін беру және олардың қалғандары жөніндегі өз кезегінде Жануарлар дүниесін қорғау жөніндегі бас басқарма алдында есеп беріп отыратын Жануарлар дүниесін қорғау жөніндегі облыстық мемлекеттік инспекция алдында тоқсан сайын есеп беріп отырады.

IV. Аңшылық билеттерін әзірлеу, сақтау және жою тәртібі

11. Аңшылық билеттерінің бланктерін орталықтандырылған тәртіппен Жануарлар дүниесін қорғау жөніндегі бас басқарма әзірлеп, жасайды және Жануарлар дүниесін қорғау жөніндегі облыстық мемлекеттік инспекцияларға олардың өтінімдері бойынша жібереді (береді).

12. Аңшылық билеттерінің бланктері сенімді сақталатын үйлерде бағалы қағаздар ретінде сақталады.

13. Аңшылық билеттерінің бланктерін есептен шығару оларды аңшыларға беруге орай жүзеге асырылады.

14. Аңшылардан алынған аңшылық билеттерін, сондай-ақ ескі үлгідегі

билеттердің бланктерін Жануарлар дүниесін қорғау жөніндегі облыстық мемлекеттік инспекциялардың комиссиялары жойып, ол жөнінде тиісті акт ж а с а й д ы .

15. Аңшылық билет бланктерінің алынатын құны аңшылық шаруашылығы жөніндегі шараларға жіберіледі.

16. Аңшылық билеттерін айырбастауды билеттер жарамдылығының бітуіне орай Жануарлар дүниесін қорғау жөніндегі облыстық мемлекеттік инспекциялар жүргізеді немесе Жануарлар дүниесін қорғау жөніндегі бас басқарманың бұйрығы бойынша ескі үлгідегі билеттерді жаңасына бір жолға жалпы айырбастау жүргізіледі.

Үлгі

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
Экология және биоресурстар министрлігі
Жануарлар дүниесін қорғау жөніндегі бас басқарма

Аңшылық билет

ГИ N 000001 сериялы аңшылық билеті

Фамилиясы _____

Аты және әкесінің аты _____

Туған жылы _____ Тұратын жері _____

Билетті _____

(қ а н д а й ұ й ы м)

берген.

Аңшылық минимум 199 ____ ж. " ____ " _____

тапсырылды

Сурет _____ Мөр және қолы _____

жапсыратын орын _____ 199 ____ ж. " ____ "

Мемлекеттік баж төлемі

199 ____ ж.

199 ____ ж.

199 ____ ж.

Ерекше белгілер

(а ң ш ы н ы ң қ о л ы)

199 ____ ж. " ____ " _____

Үлгі

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
Экология және биоресурстар министрлігі
Жануарлар дүниесін қорғау жөніндегі бас басқарма

_____ жануарлар дүниесін қорғау жөніндегі
(инспекцияның атауы) мемлекеттік инспекциясы

ЕСЕП КАРТОЧКАСЫ

Фамилиясы

АТЫ _____ Әкесінің аты _____

Сурет _____
жапсыратын _____
орын _____

Туған жылы _____ үйінің мекен-жайы,
телефоны _____

ГИ N 000001 сериялы аңшылық билеті

199 ж. " " берілген.

Аңшылық минимум жөніндегі сынақ 199 ж.

к а б ы л д а н д ы

Сынақ комиссиясының төрағасы

Ф.А.Ә. анық қолы

Ерекше белгілер

Мемлекеттік баж төлемі

199 ж. 199 ж. 199 ж.

Квитанцияның к.б.т. к.б.т.

б а қ ы л а у т ү б і р т е г і

199 ____ ж. 199 _____ ж. 199 _____ ж.

К.б.Т. К.б.Т. К.б.Т.

199 ____ ж. 199 _____ ж. 199 _____ ж.
К.б.Т. К.б.Т. К.б.Т.

Есепке қабылдау және шығару туралы белгі

Есепке	Есептен	Қолы
қабылдаған	шығарған	және

күһ күһ мөр

(аңшының қолы) 199 жылғы " "

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК